# Мұнайлы Өлке

Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті

№ 10 (26), тамыз, 2011 жыл





## НӨМІРДЕ ОҚЫҢЫЗДАР:


СИЛА ЗНАНИЙ 4

КОНСТИТУЦИЯ ЖӘНЕ ЖАСТАР 5

Маңғыстау мұнайына - 50 жыл атты балалар сурет байқауы 6-7

ЖҮЙРІКТЕН ЖҮЙРІК ОЗДЫ ЖАРЫСҚАНДА 8

ӘУЕНМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР 9

# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



## *Құрметті жерлестер, қымбатты әріптестер!*

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымын және облыс тұрғындарын Маңғыстау мұнайының 50 жылдығымен, сонымен қатар мұнай-газ кешені қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Маңғыстау мұнайының ашылғанынан кейінгі елу жылда мұнай саласы айтарлықтай табыстарға жетті. Қазақстан Республикасы халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартудағы көптеген әлеуметтік бағдарламалардың орындалуын Отанымыздың экономикасының негізі болып табылатын - мұнай өнеркәсібінің арқасында жүзеге асыруда. Салада әлемдік дәрежедегі мамандар қызмет етуде, олардың энергиясы, біліктілігі, іскерлігі, маңызды кәсіби мәселелерді түсінуі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы сапалы нәтижелерге қол жетуіне кепілдік болып табылады.

Мұнай және газды өндірудегі көпфункциялы өндірістік жұмыстарға энергетиктер мен құрылысшылар, көлік саласының мамандары мен жөндеушілер, жол құрылысы және машина жасау мамандары қатысады, олардың қатысуынсыз мұнайгаз кешені жұмысының табысты болуы мүмкін емес.

Маңғыстау жерінің игерілуінің тарихын қалыптастырған, маңызды әрі үлкен істі бастаған ардагерлерге ерекше алғысымды білдіремін. Маңғыстау жерінің жарқын даму тағдырында із болып қалған барлық азаматтарға зор денсаулық, бақыт тілеймін. Кәсіпорын ұжымына еңбектеріне жаңа табыстар, жарқын болашақ және алға қойған мақсаттарына жетуін тілеймін!

Мерекелеріңізбен, қымбатты жерлестер!

***Құрметпен,***
***«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Ә.М.Мағауов***



## *С праздником!*

Праздник нефтяников и газовиков отмечается очень широко всеми работниками причастных профессий. Это профессиональный праздник тех людей, кто связал свою жизнь с добычей нефти и газа. Они – геологи и буровики, разработчики и строители, транспортники, технологи – настоящие профессионалы и мастера своего дела. Жизнь людей в регионах с суровым климатом напрямую зависит от работников этих почетных профессий.

Газовики и нефтяники – герои нашего времени, умеющие преодолевать самые невероятные преграды и решать самые сложные задачи. Этот день является символом мужества, крепости духа и величия человека.

Нефтяная промышленность Казахстана тесно связана со всеми отраслями народного хозяйства, имеет огромное значение для казахстанской экономики. Спрос на нефть всегда опережает предложение, поэтому в успешном развитии нашей нефтедобывающей промышленности заинтересованы практически все развитые государства мира. С праздиком дорогие нефтяники!

**С уважением,**
**Заместитель генерального директора по производственным вопросам**
**АО «Мангистаумунайгаз» Ма Байнин**



## *Құрметті мұнай және газ кешенінің қызметкерлері!*

Кәсіби мереке «Мұнайшылар күні» құтты болсын! Сіздердің аянбай атқарған еңбектеріңіз үшін алғысым шексіз!

Мұнай және газ алынатын кенорындарда болған адам мұнай мен газдың қандай еңбекпен алынатынын, Маңғыстау облысының және Қазақстанның дамуының негізі қалай қаланудa екенін біледі.

Бүгінгі күні маңғыстаудың мұнай мен газы болашағы зор кеніш болып табылады. Өндірілетін өнімнің көлемін өсіруге, инвестицияларды көбейтуге барлық мүмкіндік бар. Мұнайшылар да, газ мамандары да жаңа кенорындарды игеруде, жаңа өндіріс нысандарын іске қосуда.

Осы да басқа да жобаларды Маңғыстау облысында іске асыру бірінші кезекте он шақты мың адам – геологтар, геофизиктер, бұрғышылар, жұмысшылар, монтаждаушылар, мұнайөңдеушілер, көлік мамандары, құрылысшылар және басқа да барлық мұнайгаз саласына қатысты қызметкерлерге байланысты. Бүгінгі таңда сіздің еңбегіңіз аймақты экономикада жаңа салалардың ашылуы, білім және ғылымды, спорт және әлеуметтік саланы дамыту арқылы алға жылжытуда.

Сізге және отбасыларыңызға бақыт, денсаулық және табыс тілеймін!

**Құрметпен,**
**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ**
**геология және геофизика жөніндегі орынбасары Досмұхамбетов М.**



## *Уважаемые коллеги!*

От души поздравляю коллектив и ветеранов АО«Мангистаумунайгаз» с Днем нефтяников и 50-летием Мангистауской нефти!

Без преувеличения можно сказать, что путь нашего многопрофильного предприятия, созданного на заре освоения нефтегазовых кладовых, отмечен славными вехами трудовых побед и завоеваний. История мангистауской нефти - это история многих тысяч людей, посвятивших себя непростому делу разведки и добычи нефти; это история открытий, грандиозных свершений; это славная летопись развития нашей страны.

Уверен, что коллектив АО «Мангистаумунайгаз» настроен на новые дерзновенные планы и высокие задачи, а многолетний богатый опыт, профессионализм и сплоченность коллектива позволят успешно выполнять поставленные задачи и на следующих этапах производственного пути.

Желаю крепкого здоровья, счастья, успехов вам и вашим близким!

**С уважением,**
**Заместитель генерального директора по юридическим и кадровым вопросам**
**АО «Мангистаумунайгаз» Чиань Чунь**



## *С праздником дорогие нефтяники!*

В этот день мы по традиции вспоминаем наших ветеранов, их энтузиазм, энергию при освоении первых месторождений углеводородного сырья. Слова особого уважения и искренние поздравления звучат в адрес тех, кто шел первыми, кто ощущал своими руками теплое биение первой нефти в трубопроводе.

Нефтяная отрасль по праву считается флагманом экономики. Новое качество жизни сегодня напрямую зависит от успешной реализации производственного и интеллектуального потенциала тружеников вашей отрасли. Ваш самоотверженный героический труд служит надежным залогом успешного претворения в жизнь многих нужных законов и социальных программ, принимаемых нашим законодательным собранием. Вы непрерывно расширяете сферу своей деятельности, продолжаете внедрение новых технологий. Гарантия успехов отрасли - ваши профессионализм, высокая квалификация, энергия и предприимчивость.

Желаю вам крепкого здоровья, оптимизма, мира, благополучия, уверенности в завтрашнем дне!

***С уважением,***
***Заместитель генерального директора АО «Мангистаумунайгаз» Сунь Синъюнь***



## *Құрметті әріптестер!*

Кәсіби мереке – Мұнай және газ қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мұнайгаз кешені Қазақстан экономикасының сенімді тірегі болып табылады.

Әлемдік қаржы және экономикалық дағдарысқа қарамастан мұнай саласы өндірісті қарқындатуымен қоса, метталургия, құрылыс және мұнай тасымалдау кәсіпшілігі, машинақұрылысы, көлік, электроэнергетикасы, сервис және басқа да халық шаруашылығына өздерінің тапсырыстарын арттырып, нәтижелі істер атқаруда. Мұнайгаз кешені сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы ірі салық төлеушінің бірі болып табылады, оның үлесі мемлекеттік бюджетке түсетін қаржының жартысынан көбін құрайды.

Мұнайгаз кешенінің табысты жұмысы, әрине, жұмысшылардың ерен еңбегінің нәтижесі. Ол жұмысшы болсын, маман, инженер, есепші немесе топ-менеджер болсын, әрқайсысы өз қызметімен мемлекеттік деңгейдегі мәселелерді шешуге өзінің жеке үлесін қосады. Яғни, бұл сіздердің еңбектеріңіздің арқасында елдің болашағы құрылып, оның экономикалық және саяси жағдайы нығая түсетіндігін білдіреді.

Салада қызмет ететін барлық әріптестерді шын жүректен құттықтап, жанқиярлық пен шыдамдылықты талап ететін жоғары дәрежеде атқарған жұмыстарыңыз үшін алғысымды білдіремін!

Мұнайгаз кешенінің барлық қызметкерлеріне және ардагерлеріне денсаулық, бақыт және табыс тілеймін! Мереке құтты болсын!

**Құрметпен,**
**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының әлеуметтік және**
**әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары Рзаханов А.К.**



## *С праздником дорогие коллеги!*

Уважаемые нефтяники Мангистау! Сердечно поздравляю Вас с профессиональным праздником - Днем нефтяника и 50-летием Мангистауской нефти!

Добытые на полуострове нефть и газ обеспечивают топливом и теплом не только мангистауских потребителей, но и промышленные предприятия и города регионов всего Казахстана.

Сегодня мы должны поблагодарить пионеров отрасли и передовиков – нефтяников за то, что мы имеем на Мангистау развитую сеть объектов инфраструктуры по добыче, транспортировке и переработке углеводородов. В регионе действуют и развиваются международные шельфовые проекты. Они дали новый импульс экономике области, обеспечили положительные изменения в инфраструктуре городов и поселков.

Мы по праву гордимся нашими нефтяниками. Они настоящие специалисты своего дела и многие из них являются организаторами производства мирового уровня.

Желаю Вам здоровья, жизненного оптимизма, счастья вашим семьям и воплощения всех добрых замыслов во благо Мангистау и Казахстана. С праздником!

**С уважением,**
**Заместитель генерального директора по экономике и финансам**
**АО «Мангистаумунайгаз» Чэнь Шаоцзюнь**



## *Мереке құтты болсын ардақты мұнайшылар!*

XX ғасырдың 60 жылдарындағы мұнай және газ кенорындарының ашылуы Маңғыстау тарихын күрт өзгертті. Қиын жағдайларда бірнеше ұрпақ бойы қалыптасқан мұнай және газ базасы қарқынды дамып келуде. Бүгінгі таңда мұнайгаз саласы елдегі жаңашыл өзгерістердің нәтижелерімен айқындалатын Қазақстан экономикасының дамуының негізі болып табылады.

Кенорындарда іздеу жұмыстарын және тұрмысты қалыпқа келтіру жұмыстарын жүргізіп, Маңғыстауда алғашқы қалалар мен ауылдарды тұрғызған мұнайгаз саласының ардагерлеріне, алғаш игерушілеріне ерекше алғысымды білдіремін.

Барлық мұнайшыларға, газ мамандарына, олардың отбасыларына шын жүректен зор денсаулық, бақыт және Қазақстанның дамуына үлес қосу жолында табысты еңбек тілеймін!

**Құрметпен,**
**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ**
**Бас директордың коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары**
**Өтеғалиев Б.С.**

# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



## *Құрметті мұнайшылар!*

Бұдан 50 жыл бұрын, жансыз жатқан жапан далаға жан бітіп, Жетібай жерінен мұнай бұрқағы атқылап, Маңғыстау мұнай өнеркәсібінің соқпағы түзелді.

«Елу жылда ел жаңа» дейді, – атам қазақ. Қазір Маңғыстау өңірі адамға кажетті материалық игіліктердің бәрімен қамтылған бірден бір аймақ болып есептелінеді.

Салынып жаткан зәулім үйлер, ауылдардың газбен, тоқпен, заманауи үлгідегі байланыс жүйесімен толықтай қамтылуының сөзсіз себепшісі – мұнай өнеркәсібі десек еш қателеспейміз.

Өлкенің мұнай өнеркәсібінің кара шаңырағы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ мұнайшылары осы мерекені толағай табыстармен қарсы алуда.

Мұнай мен газды өндірудің, сатудың, басқа да өндірістік көрсеткіштердің орындалысын 100% қамтамасыз етті.

Жұмысшы – қызметкерлердің әлеуметтік - тұрмыстық жағдайларын жақсарту бағытында биыл құны 172 млн. болатын 10 оператор үйі пайдалануға беріледі. Құны 36 млн. теңгені құрайтын БКНС басындағы жұмысшыға қажет жағдайы карастырылған құрастырмалы 6 үй, 406 млн. теңгені құрайтын спорт кешенінің құрылысы бастау алады.

Пайдалануға берілгелі жөнделмеген жатақханаларды күрделі жөндеуге 112 млн. теңге, әрқайсысы 25 орындық екі құрастырылмалы жатақхана үшін 216 млн. теңге қаржы қарастырылып, жұмысы басталып кетті.

Мереке қарсаңында барлық мұнайшы әріптестерге отбасыларына амандық, елімізге тыныштық, кәсіптеріңе табыс тілеймін!

Мерекелік лебіздің соңын, атақты Әбекеңнің (Әбіш Кекілбаев) сөзімен аяқтасақ ...

«Жақсы тілегімізді жөн тыңдап, жөн түсінер Жақсы Құлақтар мен Жақсы Жүректер көбейе бергей!»

**Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығы**
**Сәрсенбай Н.М.**



## *Құттықтау!!!*

Құрметті әріптестер сіздерді төл мерекелеріңізбен және Маңғыстау мұнайына 50 жыл толу мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Біздің «Маңғыстаумұнайгаз» акционерік қоғамы өлкеміздің және егеменді еліміздің экономикасының өсуіне зор үлес қосып келеді. Жыл сайынғы мұнай өндіру жоспары орындалуда. Баршаңызға зор денсаулық,жемісті еңбек, мол табыс, жанұяларыңа жақсылық, құт – береке, ұзақ ғұмыр тілеймін.

**«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ-ң**
**№1 МГӨК бастығының орынбасары**
**Махамбетов Б.**



## *Құрметті мұнайшы қауым!*

Киелі Маңғыстаудың қара алтынының ашылғанына биыл жарты ғасыр толып отыр. Жетібайдан 1961 жылғы 5-ші шілдеде алғашқы мұнай бұрқағы атқылағанда мен еңбектеген екідегі сәби едім, бүгінде орта жасқа келіп, жігіт ағасы болдым.

Сол күндері менің әкемнің шаңырағы бұрқақ атқылаған №6-шы ұңғының түстігінде, қозы өріс жердегі «Көндіқора» жұртында отырды. Әкем экспедицияның малын бақты. Яғни мен сол қара алтынға алғаш «шомылғандардың» бірімін. Бүгінде есейіп, ержетіп Маңғыстаудың мұнайын өндіруге ат салысып жүрмін.

Қазіргі таңда мұнай кеніштерін электржелілерінсіз көзге елестету мүмкін емес және де сол электрқуатынсыз 1 тонна мұнай өнімін жер бетіне шығаруда оңай шаруа емес.

Ал осы қауіпті де қатерлі электрқондырғыларының тұрақты да кідіріссіз қызмет етуіне жағдай жасап, қызмет көрсетіп жүрген электрик-мамандардың ерен еңбегініне құрметпен қарап, еліміздің әлеуметтік жағдайын тұрақтандыру барысында да қосқан үлесі орасан зор екенін айырықша айта кеткен жөн.

Бүгінде мұнайымыздың арқасында еліміздің дәулеті шалқып, аты төрткүл дүниеге мәшһүр болды. Бізден бұрын Маңғыстауға келіп-кеткен жеті жұртқа бұйырмаған байлық, қазаққа ырыс болды. Байлығымыз бақ-дәулетке айналды. Жапан-түз даламыз сәулетті қалаларға толды.

Елу жылда ел жаңа деген, бүгінде Қазақстан жаңарған, жасарған ғажайыпқа айналды.

Ал сол ғажайыптарды жасауға үлес қосып жүрген Мұнайшылардың мерейі өсіп, табысы мол болсын. Берекелі бірлікте болайық. Той тойға ұлассын!!!

**Құрметпен!!!**
**«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бас энергетигі**
**Абдуов С.Ж.**



## *Құрметті Маңғыстаулық мұнайшылар!*

Сіздерді Маңғыстау мұнайының ашылғанына 50 жыл толу мерекесімен ұжым атынан құттықтаймын!

Қасиетті Бекет-Атаның киелі мекені Маңғыстаудың Жетібай мекенінде 5 шілде 1961 жылы алғашқы мұнай бұрқағы атты /№6 ұңғы/.

Одан кейін Өзен кенорны, Қаражанбас, Қаламқас кенорындары ашылды.

Маңғыстауда ашылған мұнай және газ кеніштері бүгінгі таңда Қазақстанда өндірілетін өнімнің басым бөлігін беріп отырғаны баршаға мәлім.

Қымбатты әріптестер!

Сіздерді мерейтойларыңызбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, жанұяларыңызға қуаныш, бақытты өмір тілеймін!

Әрқашан аспанымыз ашық, елімізде тыныштық болсын!

**Құттықтаушы: «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ**
**ҚҚҰЦ машинисі Қапашов Бәйгібай Әділұлы**

## *Ардақты әпіптестер!*



Биылғы жыл Маңғыстау мұнайшылары үшін елеулі жыл. Осы жылы 5-ші шілде күні Маңғыстау мұнайына, оның алғашқы мұнай бұрқағы ашылған Жетібай кентіне 50 жыл, және егеменді еліміздің Тәуелсіздік алғанына 20 жыл толғалы отыр.

Осынау қос мереке қарсаңында мен Жетібай мұнайшылары және өз атымнан барлық «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының қызметкерлерін және мұнайдың көзін ашқан, оны халық игілігіне жаратуға алғашқы ат салысқан ардагерлерімізді шын жүректен құттықтаймын!

Сіздерге зор денсаулық, баянды бақыт, ұзақ та қызығы мол өмір тілеймін.

Еліміз көркейіп, Тәуелсіздігіміз нығая берсін!

**«Жетібаймұнайгаз» ӨБ бастығы**
**Сейтмағанбетов Болат Сүлейменұлы**



## *Құрметті әріптестер!*

Сіздерді мұнайшылар мерекесімен және де Маңғыстау мұнайының ашылғанына 50жыл толу салтанатымен шын жүректен құттықтаймын. Еңбектеріңізге табыс, жанұяларыңызға бақыт тілеймін.

**Игі тілекпен,**
**№2 ЖМГӨЦ операторы**
**Ақбатыров Мейрамбай**



## *Құрметті мұнайшылар!*

Сіздерді 5 шілде 1961 жылғы Жетібай кенорнындағы мұнай бұрқағы ашылғанына 50 жыл толу мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!Барлық мұнайшылардың отбасыларына бақыт, еңбектеріне табыс тілеймін.

**Игі тілекпен,**
**«Жетібаймұнайгаз» ӨБ майланған топырақты**
**жинау және тазалау учаскесінің шебері**
**Исатаев Серікбай**



## *Құрметті әріптестер!*

Сіздерді кәсіптік мереке «Мұнайшылар күнімен» және де Маңғыстау мұнайының ашылғанына 50жыл толу салтанатымен шын жүректен құттықтаймын. Өмірде денсаулық пен байлық, татулық пен ынтымақ тілеймін. Еңбек жолында биіктерден көріне беріңіздер!

**«Жетібаймұнайгаз» ӨБ бас механигі**
**Кушалиев Е.**



## *Құрметті мұнайшы әріптестер!*

Сіздерді 1961 жылдың 5 шілдесінде алғашқы мұнай көзінің ашылып, бұрқырап атқылағанына 50 жыл толу мерекесімен құттықтай отырып, сіздерге зор денсаулық, қажымас қайрат, таусылмас табыс, баянды бақыт тілеймін.

**«Жетібаймұнайгаз» ӨБ жатақхана меңгерушісі**
**Сагинбаева Ж.С.**



## *Құрметті*
## *Маңғыстау Мұнайшылары*

Бүгінде киелі Маңғыстау түбегінде алғашқы мұнай фонтаны атқылағанына 50-жыл толып отыр. Осы мерей той қарсаңында барша әріптестеріме дендеріне саулық, отбасыларына амандық, жемісті еңбектерімен егемен еліміздің гүлденуіне сүбелі үлестеріңізді қоса берулеріңізге тілектеспін.

**Игі тілекпен:**
**«Қаламқасмұнайгаз» Ө.Б. №3 – мұнай және**
**газ өндіру кешенінің операторы**
**Жалмағанбетов Әділбек.**

## Маңғыстау мұнайының 50 жылдығы мерейтойының тойлану шараларының жоспары

**1 қыркүйек**

- Аламан ат бәйгесі, 1 қыркүйек, Мұнайшы кенті, сағат10:00
- Мерекелік концерт, фейерверк, Мұнайшы кенті, сағат 19:00

**2 қыркүйек**

- Маңғыстау облысының мұнайшыларына арналған фейерверкті гала-концерт, Ақтау қ. 4ш/а «Астана» алаңы, сағат 20:00

**3 қыркүйек**

- Мәдени – ойын-сауық бағдарламасы, Асар кенорны
- Мәдени – ойын-сауық бағдарламасы, Қаламқас кенорны

## Программа мероприятий, проводимых в рамках празднования 50-летия мангистауской нефти

**1 сентября**

- Конно-спортивные соревнования (аламан-бәйге), поселок Мунайши, начало в 10:00
- Праздничный концерт и фейерверк, поселок Мунайши, начало в 19:00

**2 сентября**

- Гала-концерт с фейерверком для нефтяников Мангистауской области, г. Актау, 4мкр., площадь «Астана» начало в 20:00

**3 сентября**

- Культурно-развлекательная программа, месторождение Асар
- Культурно-развлекательная программа, месторождение Каламкас

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қоғамның 22 тамыз 2011 жылғы №1071-П және 22 тамыз 2011 жылғы №1070-П бұйрықтары бойынша «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлеріне біржолғы екі сыйақы төленетін болады:

1. мұнай-газ кешені қызметкерлері күніне орай Қоғамның Ұжымдық шартының талаптарына сәйкес 50 АЕК мөлшерінде;

2. Маңғыстау мұнайы 50-жылдығының құрметіне, Қоғам ұжымының қол жеткізген өндірістік нәтижелері, еңбек тәртібінің нығаюы, жауаптылықтың артқандығы үшін 50 АЕК мөлшерінде.

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы**

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Работникам АО «Мангистаумунайгаз» по двум приказам Общества №1071-П от 22 августа 2011 года и №1070-П от 22 августа 2011 года будут выплачены две единовременные премии:

1. Ко Дню работников нефтегазового комплекса в размере 50 МРП в соответствии с условиями Коллективного договора Общества;

2. 50 МРП в честь 50-летия Мангистауской нефти, за достижение коллективом Общества производственных результатов, укрепление трудовой дисциплины, повышение ответственности.

**Правление АО «Мангистаумунайгаз»**

## Маңғыстау мұнайының 50 жылдық мерейтойына арналған спорттық шаралар бағдарламасы

## Программа спортивных соревнований, посвященных празднованию 50-летия Мангистауской нефти

**26.08.2011 г.**

1. $17^{00}$ ТОО «OSC» - ТОО «ОТК»

$18^{00}$ Торжественное открытие соревнований

2. $18^{30}$ АО «ММГ» - ПУ «ЖМГ»
3. $19^{15}$ ТОО «МЭМ» - ТОО «ОКК»
4. $20^{00}$ АО «КазНИПИ» - ПУ «КМГ»
5. $20^{45}$ АО «КБМ» - ТОО «ОТК»
6. $21^{30}$ СБ - ПУ «КМГ»

**26.08.2011 г. -** $19^{00}$ - Бильярд

**27.08.2011 г.-** $19^{00}$ - Бильярд

**Мини футбол – 27.08.2011 г.**

1. $17^{30}$ ТОО «МЭМ» – ТОО«ОТК»
2. $18^{15}$ ПУ «ЖМГ» – АО «КазНИПИ»
3. $19^{00}$ СБ – АО «ММГ»
4. $19^{45}$ ТОО «OSC» – ТОО «ОКК»
5. $20^{30}$ ТОО «МЭМ» - АО «КБМ»
6. $21^{15}$ ПУ «КМГ» – АО «ММГ»

**28.08.2011 г.**

1. $09^{30}$ АО «КазНИПИ» – СБ
2. $10^{15}$ АО «КБМ» – ТОО «ОКК»
3. $11^{00}$ ПУ «КМГ» – ПУ «ЖМГ»
4. $11^{45}$ ТОО «OSC» – ТОО «МЭМ»
5. $12^{30}$ АО«ММГ» – АО «КазНИПИ»
6. $13^{15}$ ТОО «ОТК» - ТОО «ОКК»
7. $14^{00}$ ПУ «ЖМГ – СБ
8. $14^{45}$ АО«КБМ» – ТОО«OSC»

**Волейбол – 28.08.2011 г.**

1. $16^{00}$ ПУ «КМГ» - ПУ «ЖМГ»
2. $16^{40}$ ТОО «МЭМ» - ТОО «ОКК»
3. $17^{20}$ СБ – АО «КазНИПИ»
4. $18^{00}$ ТОО«OSC» – ТОО«ОТК»
5. $18^{40}$ ПУ«КМГ» - АО «КазНИПИ»
6. $19^{20}$ ТОО«МЭМ» – ТОО«OSC»
7. $20^{00}$ ПУ«КМГ» - СБ
8. $20^{40}$ ТОО«ОТК» – ТОО«ОКК»

**29.08.2011 г.**

**Волейбол**

1. $09^{30}$ ПУ«ЖМГ» – СБ
2. $10^{10}$ ТОО«МЭМ» - ТОО«ОТК»
3. $10^{50}$ АО «КазНИПИ» – ПУ«ЖМГ»
4. $11^{30}$ ТОО «OSC» - ТОО «ОКК»
5. $12^{10}$ $I_1 - I_2$
6. $12^{50}$ $I_2 - I_1$
7. $13^{30}$ игра за III- место
8. $14^{10}$ Финал

**Полу финал по мини футболу**

1. $16^{00}$ $I_1 - II_2$
2. $16^{45}$ $I_2 - II_1$

**Финал по мини футболу**

1. $17^{30}$ игра за III – место
2. $18^{15}$ Финал

**30.08.2011 г.**

$10^{00}$ Настольный теннис

**30.08.2011 г.**

$10^{00}$ Шахмат

**28.08.2011 г.**

$10^{00}$ - Стрельба



# СИЛА ЗНАНИЙ

**24 августа в конференц-зале АО «Мангистаумунайгаз» состоялась торжественная церемония вручения грантов на обучение в Китайском нефтяном университете (КНУ) (г.Пекин) выпускникам школ Мангистауской области.**

Всего заявки на получение грантов на обучение в Китае подали 25 человек. В результате проведенного конкурса, в ходе которого рассматривались итоги ЕНТ, уровень владения английским языком, а также по итогам собеседования были отобраны восемь выпускников, которые поедут учиться в Китай.

Стипендианты будут обучаться по следующим востребованным в компании специальностям: «нефтепромысловое дело», «технология и методы поисково-разведочных работ», «производство и автоматизация механических конструкций» и др.

АО «Мангистаумунайгаз» оплачивает студентам в КНУ полную стоимость обучения, регистрацию и оформление виз, авиаперелет, проживание, медицинскую страховку, прохождение производственной практики в КНР, а также выплату ежемесячной стипендии в размере 200 долларов США на каждого студента. Общая стоимость обучения студентов в Китайском университете составляет более 100 000 долларов США. Кроме того, в качестве подарка, компания приобретает для каждого студента ноутбук.

Напутствуя студентов Генеральный директор АО «Мангистаумунайгаз» Асет Магауов пожелал успешной учебы, и выразил уверенность что все они получат достойное образование.

- Я думаю в будущем, после окончания университета, студенты будут работать во благо развития и процветания нашей Родины



- Казахстана, - сказал А.Магауов. - «Мангистаумунайгаз» создаст все необходимые условия, для того чтобы молодые люди получили качественное образование и вернулись домой грамотными специалистами.

В свою очередь студенты поблагодарили руководство компании «Мангистаумунайгаз» за предоставленную возможность обучения в одном из самых престижных университетов Китая, и заверили, что приложат все усилия для того, чтобы оправдать столь высокое доверие.

- Во многом благодарен АО «Мангистаумунайгаз» за оказанную поддержку, - говорит один из обладателей грантов Рустем Жаксымбетов. - Поступление в Университет дает мне шанс и возможность проявить себя с лучшей стороны, я в свою очередь постараюсь преуспеть в изучении китайского языка. Учеба за рубежом – это большая ответственность за статус своей страны, города. Несмотря на учебу вдали от дома, я сделаю все от меня зависящее, чтобы стать истинным патриотом своей страны. Хочу получить качественное образование, а также использовать приобретенные знания во благо своей Родины.

- После окончания учебы готов приложить все свои усилия для процветания Казахстана, - добавляет Айдос Еркинулы. - Считаю, что морские разработки нефтегазового месторождения в Казахстане являются перспективными, в связи с этим выбрал обучение по специальности «Кораблестроение и океанотехника».

От лица родителей студентов к присутствующим обратился Мухтар Бисенов.

- Никогда не забывайте, что вы граждане Казахстана, будьте патриотами своей страны, - отметил М.Бисенов. – Учитесь хорошо и станьте хорошими специалистами. Соблюдайте порядок и с хорошими намерениями относитесь к законам и традициям страны в которую вы едете. Счастливого пути!

Подготовка казахстанских специалистов – это одно из важных направлений реализации социальных программ АО «Мангистаумунайгаз». В 2010 году было принято решение о создании стипендиальной программы по обучению выпускников школ Мангистауской области в вузах КНР. После чего был объявлен конкурс на получение гранта на обучение в КНР по программе «бакалавриат» по наиболее востребованным на рынке труда специальностям. В прошлом году по результатам конкурса учиться в Китай поехали семь выпускников (все они, кстати, успешно окончили первый курс).

Стипендиальная программа АО «Мангистаумунайгаз» становится популярной среди обладателей «Алтын белгі» и аттестатов особого образца. Руководство компании и впредь намерено продолжить положительную практику интегрирования знаний.

**Еснazar СУЛТАНОВ.**

# КОНСТИТУЦИЯ ЖӘНЕ ЖАСТАР

***«Конституция» - латыншадан аударғанда «құрылыс» деген ұғымды береді. Яғни, өміріміздің, тыныс-тіршілігіміздің ел-жұрт болып бірігіп мемлекет құруымыздың айғағы.***

Міне, осындай конституция алғаш рет Англияда 1679 және 1688 жылдары құқықтар жөніндегі «билль» деген атпен қабылданған. Жазбаша конституция ең алғаш 1787 жылы АҚШ-та, одан кейін 1791 жылы Франция мен Польшада өмірге келген.

Ал, Қазақстанда тұңғыш рет 1924 жылы, одан кейін 1937, 1978, 1993, 1995 жылдары жазбаша түрде қабылданды. Ал қазіргі қолданылып жүрген конституция **1995 жылы 30 тамызда** бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған. Оған дейін, яғни Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы 28 қаңтарда өзінің алғашқы Ата Заңын қабылдаған болатын. Бірақ 1993 жылғы Конституция ескі әкімшілік, әміршілдік ережелеріне, көбінесе кеңестік демократия қағидаларына негізделгендіктен жаңа қоғам өмірінің талабына жауап бере алмады. Онда адам құқықтары мен бостандықтары, оларды жүзеге асыру қағидалары, мемлекеттік өкімет билігін жүзеге асыру нысандары, басқару саласындағы демократиялық институттардың қызметі жете көрсетілмеген еді. Осыған орай 1995 жылы жаңа Конституция қабылданды. Жаңа Конституцияның ерекшеліктері заң шығарушы, атқарушы сот билігін белгілеп, олардың құзіретін, өзара іс-қимыл бірлігін заң тұрғысынан айқындап береді. Мемлекеттік лауазымды адамдардың, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзуға жол бермейді.

Мемлекетіміздің негізгі заңы, ата заңы Конституциямыздың мән-мағынасын еліміздің болашағы – жастар қалай түсінеді екен? Біз әңгімеге белсенді қоғамдық позиция ұстанатын компаниямыздың бір топ жас мамандарын сөзге тарттық. Өткен айда осындай он өрімдей жас маман «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы қатарын толықтырған болатын. Олар – инженер Қуаныш Әбдіров, әкімшілік мәселелер және әлеуметтік даму департаментінің заңгерлері Мәдина Абдуллаева мен Арайлым Ақшаева, техник-эколог Мұхтар Асқаров, Айгүл Аманжанова, цех бастығының орынбасары Нұрбай Дауылбаев, заңгер Нұргүл Есқалиева, жетекші маман Есназар Сұлтанов, геологтар Қайрат Ходжаев пен Бауыржан Ходжаевтар.

**Мәдина Абдуллаева, әкімшілік мәселелер және әлеуметтік даму департаментінің заңгері:**



«Менің туып-өскен жерім – Маңғыстау. Ақтау қаласындағы 24 орта мектепті бітіріп, Алматыдағы «Каспий» университетінің заң факультетіне оқуға түстім. Мені жас маман ретінде бірден «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясына жұмысқа қабылдады. Қазір әкімшілік мәселелер және әлеуметтік даму департаментінің заңгерімін. Өмір жолымның осылай сәтті басталғанының бірден-бір себепшісі – үлкен білгірлікпен, парасаттылықпен жасалған мемлекеттік саясат екенін баса айтқан жөн деп есептеймін.

Мен әріптестерімді Конституция күнімен құттықтай отырып, Ата заңымыз туралы өз пікірімді айтсам ба деймін. 1995 жылғы Қазақстан Конституциясы жүздеген жылдар бойы қалыптасқан адамзат баласының жалпы құндылықтарын шын мәнінде өз бойына сіңірді. Конституциямызда адамдардың табиғи құқықтары мен бостандықтары, билік институттарын демократиялық жолмен қалыптастыру және дамыту, Қазақстан аумағында азаматтық қоғам құру туралы дүниежүзі таныған прогрессивті идеялар бекітілді. Ол елімізде сан алуан идеологиялық, сенімдік, ұлттық, азаматтық ұжымдар мен топтардың бірлесіп бейбіт өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталған».

**Нұргүл Есқалиева, құқықтық қамсыздандыру және корпоративтік басқару департаментінің заңгері:**

«Мен 1987 жылдың 29 маусымында Ақтау қаласында дүниеге келдім. Осындағы Мұхтар Әуезов атындағы №20 орта мектепті тәмамдап, 2005 жылы Алматы қаласындағы Каспий Қоғамдық Университетіне құқықтану мамандығы бойынша қабылдандым, оны 2009 жылы үздік бітіріп шықтым. Өзімнің алғашқы еңбек жолымды «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның құқықтық қамсыздандыру және корпоративтік басқару департаментінің жас маман заңгері ретінде бастадым. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының аяғында – тоқсаныншы



жылдардың басында өмірге келген ұрпақ елімізбен бірге қадам басып келеміз. Біздің көз алдымыздан Тәуелсіз Қазақстанның тарихы өтіп жатыр. Парасатты жастар – Тәуелсіздіктің тірегі. Еліміздің әрі қарай гүлденуі, әрі қарай дамуы қазіргі жастардың қолында. Болашақта еліміздің әрі қарай көркеюіне елімнің азаматы ретінде өз үлесімді қосқым келеді. Өз қатарым – жас мамандарды, әріптестерімді еліміздің ең бір қадірлі де, маңызды мерекесі – Конституция Күнімен құттықтаймын!».

**Бауыржан Ходжаев, «ЖМГ» ӨБ, геолог:**

«Мен Ақтау қаласындағы 11 қазақ орта мектебінің түлегімін. 2004 жылы Каспий Қоғамдық Университетінің геология факультетіне оқуға түстім, 2008 бітірісімен бірден «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына жұмысқа қабылдады. ЦНИПР-де 3-дәреже операторы болып бастадым, биылдан бері Жетібайда геолог болып жасаймын.

Мен жақында «Нұр Отан» партиясының мүшелігіне өттім, ондағы мақсатым – елімізде болып жатқан прогрессивті оң өзгерістерге бір адамдай атсалысу. Біздің Конституциямыз Қазақстан Республикасын демократиялық мемлекет деп жариялайды. Оның демократиялылығы, ең алдымен, мемлекет ішінде халық басқаруын қамтамасыз етуінен көрінеді. Атазаң 3-бабының 1-тармағында мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық делінген. Бұл конституциялық норма Қазақстанның халықтық мемлекет екендігін білдіреді. Халықты жоғары биліктің иесі ретінде тану халық суверенитетінің көрінісі болып табылады. Халық өз билігін тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді. Мен демократиялы, еркін Қазақстанның азаматы болғанымды мақтан тұтамын».

Шын мәнінде халықтың мүддесін қорғауға бағытталған Конституциямызға биыл 16 жыл толып отыр. Алда – жаңа мерейтойлар. Қазақстан халқы Тәу-




елсіздігіміздің 20 жылдығын тойласа, Маңғыстау жұртшылығы мұнай бен газ өндірісінің жарты ғасырлық тойын тойламақшы.

Акционерлік қоғам мүшелерін 30 тамыз – Конституция күнімен құттықтай отырып, мықты денсаулық, бейбіт тұрмыс, тұрақтылық тілейміз! Береке – бірлігіміз мәңгілік болғай!

**Тойған Тасқынбаева**

# Қасиетті Рамазан айы

Тамыз айының 1-нен басталған қасиетті Рамазан айы жалғасуда. Бұл – Ұлы Жаратушының пенделеріне тартқан теңдессіз сыйы. Басқа уақытпен салыстырғанда жақсылықтар мен сауаптардың сансыз еселеніп жазылар айы да – Рамазан.

Ораза адам жанын тазартып, жаман іс-қылықтардан сақтайды. Құранда Алла тағала: «Ей, иман еткендер! Күнәлардан сақтанып, тақуалыққа жетулерің үшін сендерге бұрынғыларға парыз етілгендей ораза парыз етілді» («Бақара» сүресі, 183-аят) дейді.

Аятта айтылғандай, оразаның мақсаты – мұсылманды рухани тазартып, тақуалыққа жеткізу. Тақуа – сақтану, қорқу, сыну. Ендеше тақуалық – Алла тағалаға, оның әмірлеріне бойұсыну, тыйғандарынан тыйылып, иманды, көркем мінезді, парасатты жан ретінде Ұлы Жаратушының сыйлаған сансыз нығметтерінен айырылып қалудан сақтану. Демек, оразаның мақсаты – жанды рухани тазартып, көркем мінезге тәрбиелеу, нәпсі тізгінін қолға алу.

Нәпсі – бойдағы пендеге тәнқұмарлық сезім. Жалпы адам баласының адамгершілік шыңына жетуі мен көркем мінезді болуының негізі – нәпсіге ие болуында. Ал нәпсіні тежеуде ораза үлкен мәнге ие. Бірақ, ең бастысы ораза тек Алла тағала разылығы үшін болуы ләзім. Кісі өздігінен тек ашығумен діттеген мақсатына жете алмайды. Өйткені, ораза – бір Алла тағалағаның разылығы үшін жасалатын ғибадат.

Сонымен қатар бұл қасиетті айда тек қана ішіп-жеуден ғана емес, өсек-ғайбат сынды т.б. жаман әдет-қылықтардан да барынша іргені аулақ салған мақұл. Өйткені, ораза тек ішіп-жеуден тыйылу үшін ғана емес, сондай-ақ құлақ, көз, ауыз күнәларынан да сақтану үшін ұсталады. Сол үшін құлшылық амалдарымызды көбейтіп, көбірек Алланы еске алып, жиірек Құран оқумен қатар мешіттердегі кешкі тарауық намазына да қатысқан абзал. Алла Елшісі (с.ғ.с.) рамазан айы туралы: «Рамазан келгенде жәннат есіктері ашылып, дозақ есіктері жабылады, шайтандар кісенделеді», сондай-ақ, «Шынында жәннатта бір есік бар, ол – «Раййан» деп аталады. Ол есіктен тек ораза ұстаушылар ғана кіреді», – деген.

Ораза биыл аса бір қиын кезеңге тап келіп отыр. Ауыз бекіту мен ауыз ашар уақыттың арасы 17 сағаттан асатын тамыз айында барша мұсылман қауым Алла Тағаланың разылығы үшін ораза ұстауда. Құла түз, жапан далада орналасқан кенорындарда жұмыс істейтін қызметкерлеріміздің де үлкен сабырлық танытып, Алланың бұйрығын орындап жүргендерін естіп, қуанып қалдық. Біз әкімшілік мәселелер және әлеуметтік даму департаментінің қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру бөлімінің бастығы Сәуле Жапарқызы Исинаға жолығып, кенорындарда ораза ұстаушы қызметкерлердің тамақтануы қалай ұйымдастырылғандығы туралы сұрадық.

– Еліміз тәуелсіздік алып, өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп, салт-дәстүр, тіліміз бен дініміз қайта жаңғырып, сол кезде көптеген бауырларымыз шама-шарқынша мұсылмандық парыздарын өтей бастады. Жетібай және Қаламқас кенорындарында ораза ұстаушылар саны жылдан жылға көбюде. Өткен жылдар бойы ораза ұстаушыларға кәсіпорын басшылары барлық жағдайды жасап келді және сол жақсы үрдіс өзінің жалғасын табуда. Биыл да Жетібай мен Қаламқас кенорындарының асханалары ораза ұстаушылар үшін арнайы режимге көшті. Еңбек жағдайларына байланысты ауыз бекіту таңғы сағат 3-те болады, ал ауыз ашар мүфтият белгілеп берген кестеге сай беріліп жатыр, – деп Сәуле Жапарқызы бізге мағлұмат берді.

Құрметті мұсылман қауым! Ұстаған оразаларыңыз қабыл болсын! Алла тағала баршамызды шынайы ықыласпен ораза ұстаушылар санатына қосып, жәннаттың Раййан есігінен кіруімізді нәсіп еткей!

**Қасиетті Рамазан құтты болсын!**

**Тойған Тасқынбаева**

# Маңғыстау мұнайына – 50 жыл атты балалар сурет байқауы

Құрметті оқырмандар! «Мұнайлы Өлке» газетінің бүгінгі нөмірінде біздің жас достарымыздың Маңғыстау мұнайының мерейтойына орай ұйымдастырылған балалар сурет байқауына жіберген жұмыстарын жариялап отырмыз. Редакцияға байқауға қатысуға талаптанған жеткіншектерден жалпы саны 50-ге тарта сурет келіп түсті. Белгіленген талап бойынша жіберілген жұмыстарда мұнай және мұнай өнеркәсібімен байланысты тақырыптағы суреттер көрініс табуы тиіс болатын. Өкінішке орай, барлық жұмыстар бұл талапқа сай келмеді, дегенмен олардың барлығы үлкен шеберлікпен, шынайылықпен салынған және өзіндік ерекшеліктері бар суреттер болатын. Біз байқау қатысушыларына жіберген жұмыстары үшін тағы бір мәрте алғыс айтамыз. Газет редакциясы байқаудың жеңімпаздарын марапаттау қай жерде және қашан өтетінін қосымша хабарлайтын болады.

**Ұйымдастыру комитеті**





Картабаев Алихан – 6 жас

Дулат Ния – 12 жас

Улекпаева Мадина – 11 жас

Өтеген Кемшат – 14 жас

Рахымова Нурдана - 10 жас

Тоқтарбай Бегендік – 14 жас

Есқазиев Нұрхат – 13 жас

Әбілаев Ринат – 13 жас

Таужан Аружан – 7 жас

Төлеуғалиева Гауһар – 12 жас

Рахымжанова Әсел – 12 жас

Орынбасар Амерхан – 7 жас

Наурызова Нарқыз – 13 жас

Ерланұлы Расул

Пак Вероника – 9 жас

Төлеген Нұрбике – 14 жас

Дүйсеғали Дана – 9 жас

Надирханова Айжұлдыз – 9 жас

Диана Баймбет – 11 жас

Орынбасар Самал – 8 жас

Байыр Шынар – 9 жас

Аманкелдиева Сымбат – 9 жас

Седу Алтынбек – 6 жас

Өтебаев Алпамыс - 11 жас

Нуралиев Аманбек - 10 жас

Қылышбекова Айжан – 6 жас

Жақыпова Мөлдір – 12 жас

Базарбек Демеубереен – 13 жас

Жарылғапов Бекмұрат – 5 жас

Надирханова Динара – 14 жас

Бақтығали Алина – 10 жас

Буркитбаев Әсет – 9 жас

Ерланұлы Расул

Илмуханбетов Ануарбек – 7 жас

Аманқос Ақтолқын – 9 жас

Мухамед Ермухан – 13 жас

Төпіш Динара – 15 жас

Улекпаева Арайлым – 7 жас

# ЖҮЙРІКТЕН ЖҮЙРІК ОЗДЫ ЖАРЫСҚАНДА

Мұнайгаз өнеркәсібі қызметкерінің күні – кәсіби мереке қарсаңында қалыптасқан игі дәстүр бойынша «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ үстіміздегі жылдың 25 шілдесінен тамыздың 15-іне дейін өткен «Өз мамандығының үздігі» конкурсының қорытындыларын шығарды. Құрметті атақ үшін мұнай-газ өндіру операторлары, жөндеуші слесарлар және электргазбен дәнекерлеушілер бәсекеге түсіп, бақ сынасты. «Өз мамандығының үздігі» конкурсы «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының кадр саясатында ықпалды құралға айналып отыр. Байқау қызметкерлердің шеберлік деңгейін арттыруға, адамдардың өзінің мақсат-мүддесін одан әрі дамытуына ынталандырады. Конкурс ең үздіктерді анықтап қана қоймай, жұмысшы мамандығының мәртебесін арттыруға, өндіріс мәдениетін жетілдіруге, сондай-ақ озық тәжірибені таратуға қызмет етеді.

Арнаулы комиссия 70-тен астам үміткерлердің ішінен женімпаздарды анықтады. Таңдау оңайға түскен жоқ. Өйткені, сайысқа түскен операторлардың, дәнекерлеушілер мен слесарлардың бәрі бірдей өз ісінің майталман шеберлері.

Мұнайгаз саласы еліміз экономикасының локомотиві болса, сала адамдары кенорындарында, бұрғылау қондырғылары мен компрессор стансаларында оның берік іргетасын қалауда. Сондықтан мұнда адам әлеуеті кәсіпорының басты байлығы болып табылады.

-Компаниямызда әрбір адамның, мейлі, ол оператор немесе слесарь, жүргізуші немесе инженер болсын орны бөлек,-дейді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ адамдар ресурстарын басқару департаментінің еңбекті ұйымдастыру және нормалау жөніндегі топ жетекшісі Рахат Садиров.-Өйткені, ортақ табыс әрбір жұмысшының қосқан үлесінен тұрады. Мен ардагерлердің тәжірибесі мен шеберлігі, жастардың жігері кәсбин біліктілікті одан әрі жоғары деңгейге көтере беретіндігіне сенімдімін. Конкурстың деңгейі мен қатысушылардың біліктілігі жыл сайын артып келеді. Биылғы сайысқа тәжірибелі қызметкерлер де, жастар да қатысып отыр. Ол жастар үшін тәлімді сабақ, тәжірибелі қызметкерлер үшін шеберлікті шыңдау мектебі болып табылады. Осындай жарыс арқылы қоғам қызметкерлердің біліктілік деңгейін арттыру, тәжірибелі жұмысшылар мен жастар арасынан болашағы бар қызметкерлерді анықтау міндеттерін ойдағыдай шешуде. Таңдаулы мамандар кәсіпорынның «алтын қоры» болып табылады.

Конкурс екі кезеңмен өтті. Бірінші кезеңде іріктеу турының қорытындысымен финалдық кезеңге қатысатын үміткерлер таңдалды. Үміткерлердің теориялық білімі мен практикалық жұмыс дағдысы сынға түсті. Мысалы, электргазбен дәнекерлеушілер төбеде және тік қалыпта беттестірілген тұрбалардың (диаметрі – 114 мм.) жіктерін дәнекерлеуі, мұнай және газ өндіру операторлары СУСГ станогы качалкаларының сальниктерін, слесарлар – НБ-125 сорабының клапандарын ауыстыруы тиіс болды.

Конкурс қорытындысында мұнай және газ өндіру бойынша «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ операторы Ерғали Нұрлыбаев үздік деп танылып, Асқар Сатыбалдиев екінші, Ерлан Ордабаев – үшінші орындарды еншіледі. «Жетібаймұнайгаз» ӨБ бойынша №3 ЦДГ операторы Мұрат Құланов жеңімпаз атанып, Сергей Примаченко – екінші, Дәрмен Сасықбаев үшінші орындарға ие болды.

«Үздік жөндеуші слесарь» номинациясы бойынша «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ слесары Қайрат Тасбай жеңіс тұғырынан көрінді, ал Мамыртай Тасмұратов және Сәкен Жұмабаев тиісінше екінші және үшінші орындарды бөлісті. «Жетібаймұнайгаз» ӨБ бойынша слесарь Ерген Қалдыбаевтың мерейі үстем болды. Наурызғали Лұқпановтың үлесіне екінші, Кенжебек Рахмедовқа – үшінші орын тиді.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның үздік электргазбен дәнекерлеушісі атағына Сисенбай Денов ие болды, екінші және үшінші орындарды Ерқожа Ораз және Тұрсынғали Исембаев еншіледі. Жеңімпаздар мен конкурс жүлдегерлері жеңіске жетуге талпындырған өздерінің ұстаздары мен тәлімгерлеріне ризашылықтарын білдірді.

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ-нің үздік операторы Ерғали Нұрлыбаев: -Мен алдымен тәлімгерлеріме алғыс айтқым келеді. Мен олардан көп нәрсе үйрендім, сондықтан бүгінгі жеңістің қуанышын солармен бірге бөлісемін. Бірге жұмыс істейтін әріптестеріме де алғысым шексіз. Олардың бәрі өз ісінің кәнігі шеберлері.

-Кәсіби шеберлік жарысы, дейді «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-нің үздік жөндеуші слесары Ерген Қалдыбаев, - бұл білім мен біліктілік бәсекесі ғана емес, сонымен бірге ол тәжірибе алмасудың, істің ыңғайын үйренудің тамаша мектебі. Мұндай бәсеке жақсы нәтижелерге жетуге жігерлендіреді. Мен «жеңу сабағын» үйреткен тәлімгерлеріме шексіз ризамын. Ендігі жерде мен де өз тәжірибемді жас мамандарға үйрету үшін бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Үздік электргазбен дәнекерлеуші Сисенбай Денов: - Басшылықтың еңбегімізді жоғары бағалауы бізді тәнті етеді, дей келіп «Өз мамандығының үздігі» конкурсының «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының үлкен ұжымын бұдан былай да топтастыра түсуге ықпал ететіндігіне сенім білдірді.

Конкурсты ұйымдастырушылар жеңімпаздар мен жүлдегерлерді жеткен жетістіктермен шектелмей, жаңа білімге ұмтылуға, шеберліктерін шыңдап, жұмыстас жолдастарына үлгі болуға шақырды.

**Есназар СҰЛТАНОВ.**



Тасбай Қайрат -
Үздік слесарь-жөндеуші
"Қаламқасмұнайгаз"
өндірістік басқармасы



Нұрлыбаев Ерғали -
Мұнай мен газ өндіру жөніндегі
үздік оператор "Қаламқасмұнайгаз"
өндірістік басқармасы



Қалдыбаев Ерген -
Үздік слесарь-жөндеуші
"Жетібаймұнайгаз"
өндірістік басқармасы



Денов Сисенбай -
Үздік электргаздәнекерлеуші
«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы



Куланов Мурат Мирамович -
Мұнай мен газ өндіру жөніндегі
үздік оператор "Жетібаймұнайгаз"
өндірістік басқармасы

# ӘНМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР




**Жақын күндерде Жетібай кентінде жаңа өнер мектебі ашылады. Маңғыстау мұнайының 50 жылдығы құрметіне «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қаражаты есебінен салынып отырған бұл оқу орны – ауыл тұрғындарына үлкен сый болғалы отыр. Бұл мектепте біруақытта 250-ден астам бала музыкалық аспаптарда ойнауды үйрене отырып, өз вокалдық қабілеттерін ұштай алады. Қазіргі уақыттың өзінде балалардың өнер әлемінде біліммен еркін сусындауына көмектесетін кәсіби ұстаздардан құралған штат жинақталып қойған. Ал мектепке Қазақ КСР мәдениетіне еңбегін сіңірген қызметкер, Қарақия ауданының құрметті азаматы Орын Құлсариев басшылық етеді. Жасының ұлғайғандығына қарамастан (қазір ақсақал 79 жаста) Орын аға өмірге қуанышпен қарайтын жастық жалыны ортаймаған азамат. Ағаның даңқты өмір жолы қазақстандықтардың бірнеше ұрпағына лайықты үлгі бола алады.**

«Оқу ешқашанда кеш болмайды». Бұл қанатты сөз Орын Құлсариевтің өмірлік ұстанымы. Біздің жерлесіміз – керемет ұстаз, мықты музыкант, үлгілі жанұя басшысы Орын ағаның даңқты өмір жолы бәрімізге үлгі: ол облысымызда қазақ халық аспаптарының оркестрін құрды, Қазақ КСР мәдениетінің еңбек сіңірген қызметкері атанды, бірнеше шәкірттер мен ізбасарларын дайындады, көптеген қалалар мен елдерді аралады. Алайда, оның орындалмаған бір арманы бар еді: ол жоғары оқу орнын бітіру болатын. Уақыт өте берді, арман орындалмастай көрінді, бірақ алға нақты мақсат қоя білетін адамды қандай қиындықтар тоқтата алуы мүмкін? Жас мөлшері? «Жас мөлшері кедергі емес», - деп сенімді түрде ақсақал 74 жасында Х.Досмұхамбетов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне оқуға тапсырып, Қазақстан бойынша ең жасы үлкен студент атанды.

Оқу түрі сырттай. Орын Құлсариев та барлық студенттер секілді сессияларға барып жүрді, экзамендер тапсырып, бағалар күтіп сарғаюды да бастан кешірді. Осы алыс жолдарға үнемі оны жұбайы Құндыз апа шығарып салып жүретін. Тәтті тоқаштар пісіріп, оны қамқорлықпен сөмкеге салып, ақ жол тілеп қала беретін...

Орын аға бала кезінен музыкамен әуестенді. Өздігінен тартып үйренген домбыра оның ең алғашқы, әрі ең жақын досына айналды. Ақындардың жанына жақын мұңды, ұзақ, әрі айтуға ыңғайлы әндерін тыңдауға құмар болды. Осы әуестігі оны бір кездері Гурьевтің мәдени ағарту училищесіне алып келген болатын. Мәдениет қызметкері атанғаннан кейін қазақ халық аспаптар оркестрін құруды бастады және өзі оған басшылық етті, жеке шығармашылықпен айналысатын әншілермен айналысты.

Орын Құлсариев – көптеген әртүрлі байқаулар мен фестивальдердің қатысушысы, жеңімпазы әрі жүлдегері. Және барлық уақытта өздігінен үйренген домбырашының орындауларын жалықпай тыңдайтын көрерменінің көптігі таңқалдыратын.

Осылайша байқамай уақыт өтіп



кетті. Осы уақыт ішінде Орын Құлсариев өзін жанұясы мен жұмысынаа арнады. 12 бала, 40 немере және 20 шөбере өсіру оңай емес еді. Яғни бұл жағдайда оқуға қайдан мүмкіндік болсын!

-Бірақ ЖОО түсіп, жоғары білім алу туралы арманымды бір сәт те есімнен шығарған емеспін, - дейді ағынан жарылып Орын Құлсариев аға. – Жастық шақта барлық күш-жігерімізді жұмысқа арнадық. Облыс күн сайын өркендеп, Шевченко қаласы салынып жатты. Өнеркәсіпті жандандырумен қатар, жастардың рухани тәрбиесімен айналысу, сондай-ақ ұлттық дәстүрлерді жаңғыртуға қажеттілік туды. Соның ішінде маңыздысы – жас ұрпақтың қазақ өнеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, қазақ ұлттық аспаптарында ойнауға үйрету болатын.

1968 жылы Орын Құлсариев Алматы консерваториясына оқуға тапсырып, экзаменнен өтіп, бірінші курсқа қабылданған болатын. Бірақ, сол уақыттары анасы ауырып қалады әрі балалар да өсіп қалған болатын. Студент оқу мен жанұясының ортасында қалды. Сонымен бірге анасының емделуі үшін қымбат дәрілер қажет болып Орын оқуды тастап, жұмысқа кіріседі. Осылайша жоғары білім алуға деген алғашқы ұмтылыс сәтсіздікпен аяқталды.

Балалар өсті, жоғары білімдерін алды, жанұялы болып, немере көрсетті, сондай-ақ өмірге шөберелер де келе бастады, яғни Орын ағаның бос уақыты көбейді.

-2005 жылы Атырау қаласында қызымның үйінде қонақта болдым, - деп еске алады Орын Құлсариев. – Кездейсоқ Атырау университетіне кіріп, оқуға тапсыруға мүмкіндік бар-жоғын сұрадым. Олар әрине болады деп жауап берді!

Орын ағаның экзаменге дайындалуына толық бір жылдай уақыт кетті. 2006 жылы ол Атырауға оралып, экзамендерін тапсырды. Және барлығын «беске»! Осылайша ол Атырау университеті музыка факультетінің сырттайғы бөлім студенті атанды.

-Мен оның ЖОО түсу арманы екенін барлық уақытта жадымда ұстап жүрдім, - дейді Орын ағаның жұбайы Құндыз апа. Олар бір сыныпта оқыған, ал мектепті бітірісімен олар отбасын құрған болатын. – Уақыт өте келе оның арманы ұмытылып қалған болатын, сондықтан Орын ЖОО түсем деген кезде аздап таңырқап қалдым.

Кейін студенттік өмір басталды. Оқытушылар тарапынан ешқандай жеңілдік болған емес! Тек ұстаздардың сыйластықпен студентті Орын Құлсариевич деп атайтындары болмаса.

2009 жылдың ақпан айында Орын Құлсариев мемлекеттік экзамен тапсырды. Оған фортепианоның қолдауымен жеке домбырада ойнап, оркестрді дирижерлеу қажет еді. Ұстаздар оның жұмысын өте жақсыға бағалады.

Қызыл диплом алуға сәл ғана жетпей қалды. Бірақ Орын аға оған көп уайымдамайды. «Қызыл диплом – жеке мақсатым емес, мен ол үшін оқыған емеспін. Себебі: ғасыр өмір сүрсең, сонша оқы деп бекер айтылмаған ғой. Мен көптеген жаңа нәрселерді үйреніп қана қоймай, жастармен өз тәжірибеммен де бөлісуді ұмытқаным жоқ».

Қазіргі күні де Орын ағаның тәні мен жаны сергек, сондықтан өзі жаңа өнер мектебінде Маңғыстаудың әлі де талай баласына лайықты білім беретініне нық сенімді.

-Бұл Жетібай тұрғындары үшін үлкен мереке, - дейді Орын аға. – Алдағы уақытта жүздеген бала аталмыш мектепте өз сүйікті істерімен айналыса алады. Шынында осының өзі мереке емес пе? Сөз соңында, осындай жас ұрпақтың, елдің қамы үшін жасап жатқан бағалы тартуы үшін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ орасан зор алғысымызды білдіргіміз келеді. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ салған бұл мектеп, болашақта Маңғыстаудың талай жас орындаушыларының талантын шыңдайтын өнер ордасына айналарына сенімім мол!

Осы айтулы мерекеге Құлсариевтер жанұясы жан-жақты дайындалуда. Орын ағаның кең шаңырағында оның балалары, немере-шөберелері әкесін, атасын тыңдауға жиналмақ. Бұл күні Орын Құлсарыұлы фортепиано, скрипка, баян, қобыз сондай-ақ домбырада да ойнайды. Ал одан бұрын ол дирижерлік таяқшасын қолына алады да, осылайша өмірлері ән-күймен өрілген жанұялық Құлсариевтер ансамблінің кезекті концерті басталады.

**Есназар Сұлтанов**



Мұқтасын Сухамбердиев

МАҢҒЫСТАУ МҰНАЙЫНА – 50 ЖЫЛ

# ҚАБАТ ҚУАТЫ

Өмірде елдің, жердің тарихында өшпес із қалдыратын, оның бұдан былайғы дамуына күрт өзгеріс әкеліп, болашағына даңғыл жол ашатын игілікті оқиғалар болады. Сондай сирек оқиға өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының басында Жетібайда болған мұнай бұрқағы еді. Сол жаңалықты оқиғаның куәсі болу бақытына осы мақаланың авторы да ие болғанды.

«Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресі барлау-бұрғылау жұмыстарын 1959 жылы Жетібайда жүргізе бастаған еді. Мұнда мұнай іздеген үшінші ұңғы бұрғыланып жатты. Алғашқы екеуінен күткен нәтиже болмады. Бірінші ұңғыны бұрғылау техникалық себеппен тоқтатылды, одан мұнай сіңген керн алынды, екіншіден сынау барысында тәулік бойы бір шелек қана сұйық мұнай алынды. Бұл Жетібайдың терең қабатында мұнай бар екенін көрсетіп берді. Енді забойы 2600 метрге есептелген үшінші ұңғыдан «дәме» бар болатын. Ұңғыны жас бұрғышы шебер Николай Петровтың бригадасы қазып жатқан. Мұнай болуы мүмкін деген деңгейге күндіз перфорация жасалған, енді сорап-компрессор тұрбасын түсіріп, қабатты сынау қажет болатын. Бұл 1961 жылдың 4-ші шілдесі еді. 5 шілдеге қараған таңғы сағат 4 кезі. Вахтадағы бұрғышы Бисенғали Бәжіков тұрбаны бірінен соң бірін жалғап, забойға түсіріп тұр, ұңғыдан тұрбаның салмағымен көрінген аз-кем ерітінді болмаса, пәлендей өзгеріс байқай қоймаған. Бір мезетте ерітінді кісі бойы көтеріліп, әп сәтте аспанға шапшыды. Мұнай, газ аралас сұйықтық көз ілестірмес шапшаңдықпен 53 метрлік мұнараның басынан бір-ақ шықты. Қарақошқыл мұнай, газ аралас сұйықтық мұнарадан асып, нөсер бұрғылау алаңын басып кетті, саулап жерге ақтарылып жатыр. Бұрғышы шұғыл моторды сөндіріп, токты айырып тастады. Ұңғыдан шыққан ысқырық енді арыстандай ақырған алапат айқайға басты. Мұнарадағы айқай дауыс барлаушылар поселкесіне, жақын маңдағы ауылдарға естілді, қайсы бірі машинамен, біреулер көлікпен, болмаса жаяу, оқиға болған жерге қарай жүгірді.

Мен ол кезде Қазақстан Телерадиокомитетінің Гурьев облысы бойынша меншікті тілшісі едім, Жетібайдағы ғаламатты естіген бойда ұшақпен барлаушылар орталығы орналасқан Форт-Шевченкоға келіп, «Газ-51» автомашинасымен Түбіжік, Ханға, Құйылыс арқылы Қарағия ойпатынан көтеріліп, кештетіп Жетібайға жеттім. Таңертең барлау бастығы Хасан Тәжиев және инженер Қуан Қазиевпен сол №6 бұрғылау қондырғысына келсем, үш күн бойы ырық бермей, саулаған мұнай бұрқағы мұнара маңын қара дарияға айналдырыпты. Біздер жалғыз аяқ жолмен мұнара алаңына көтерілдік. Мұнара ұшар басына дейін қара майға малшынып, табиғаттың дүлей күшімен жалғыз өзі алысқандай «сүлесоқ» тұр екен. Жарты шақырымды алып жатқан қара май күнге шағылысып жарқырайды. Мұнайдан бензиннің, қазанда қайнап жатқан смоладай иісі мұрын жарады. Алапатпен күрестің бел ортасында жүрген Хасанның әңгімесінен сол уақыттағы ахуал көз алдымызға айқын елестеді.

Жалпы Маңғыстауда он жыл бойы жүргізілген барлау жұмыстары ұзаққа созылып, адамдар «үмітті» болжамнан түңіле бастаған шақ еді. Түбіжіктегі бұрғылау нәтиже бермеді, тайыз жерден шыққан мұнайы өздігінен ақпайтын қою болды, Бозащыдағы, Қызандағы үш ұңғыдан бәлендей белгі кездеспеді. Енді олар мұнараларын сүйретіп, Жетібай мен Өзенге келген-ді. Бірақ маңғаз даланың жуық арада байлығын ақтара салатын түрі жоқ, қайта тер төгіп еңбек етпей оңайлықпен бере қоятын сыңай байқалмайды. Геофизиктердің топшылауынша «бұл ара құр болмауы тиіс». Адамдар соған үміт артты, жаңа алаңда бұрғылауға белсене кірісіп кетті. Бірінші ұңғыны Салық Рысқалиев, екіншіні Жігер Мұқатов бригадалары қазды. Кезектегі үшінші ұңғыны бұрғышы Бисенғали Бәжіков забойға перфорациядан кейін сорап-компрессор тұрбасын түсіріп жатқанда, сөйтіп алапат бұрқақ атылды.

Жетібайдағы бұрғылауға тікелей басшылық жасап жүрген трестің бас геологі Валентин Токарев ұңғыны сынау кезінде вахтада еді. Таяу арада бәлендей белгі байқалмаған соң орнына учаске геологі Вадим Тевяшовты қалдырып, өзі демалуға поселкеге кеткен еді. Бірақ әлденеге елегізіп, күтпеген жағдай бола қалса қайтпекпіз деп ойлаумен жатып, көзі ілініп кеткенде, оған әлдеқайдан ысқырық естілгендей болды. Тағы естілгенде оның бұрғылаудан екенін біліп, шыға жүгірді, жолай кетіп бара жатқан Үсеновтің машинасына ілесіп, мұнараға жетті. Шуыл айқайға басты, біреуді біреу естіп болар емес. Мәңгілік құрсаудан босанған дүлей күш арматураны жұлып кеткен. Ұңғыны превентермен жабу мүмкін емес...

Бұл ел адамдарына таңсық көрініс еді. Айдалада бүкіл ел ырысының бұрқақтап жатқанын кім көрген? Тайлы-тұяғы қалмай осында жеткен, қайсы бірі майынан отқа жағатын отын алғысы келетін сыңайлы, тіпті жақындап кеткен. Сақтық үшін мұнара айналасы қоршалды. Осыдан бастап буырқанған бұрқақпен күрес тобы құрылып, жігіттер іске кірісіп кетті. Алапатпен күресетін арнаулы бригада Бакуден шақыртылды. Бірақ олардың келуін күтіп отыруға болмайды. Тәуекел етіп шыққан батылдар тобына бұрын Қызан барлауын басқарған күрделі жұмыстар жөніндегі шебер Дүйсен Үсенов басшылық жасады. Саулаған мұнайдың аузын жабу үшін жоғарыда фонтанмен ырғалып тұрған вертлюгке жерден арматураны түйістіріп, бұрап тастау керек, ол үшін «верховой» тұратын 22 метрлік алаңға осы операцияны атқарушы жігіттер көтерілуі тиіс. Үстіне су өтпейтін резина плащ пен бастарына каска киген жігіттер белдерінен байласып, бұрқақ нөсерінің астымен, тайғанақ басқышпен жоғары өрлеп барады. Газ иісінен тұншығып бара жатқанда жолай бұрғы жабындысын теуіп, жыртып ашып, тесіктен бастарын шығарып, сырттан таза ауа жұтып, одан әрі жылжып барады. Сөйтіп, «өлдім-талдым» дегенде «верховой» тұратын алаңға жетіп, бұрқақ күшімен ырғалып тұрған арматураны вертлюгке қосты. Ондағы темір арқанды төмендегі лебедкаға орап, саулаған күшті ағынды ұңғының ішіне кіргізіп, оны аузына қарай жылжытты. Сақтықпен, үлкен күшпен төмендеп келе жатқан арматура ақыр аяғында ұңғының аузына келіп кептелді. Осыны күтіп тұрған жігіттер оны жан-жағына орнатылған 12 бұрандамен бекітіп тастады.



От пен өрттің ортасында болып әбден діңкелері құрыған, апатты ауыздықтаған ержүрек жігіттер бейне дзоттың аузын кеудесімен жапқан Матросовтай болып көрінді. Оңғар Қабжанов, Сайлаубай Ысмағұлов, Қайып Азанбаев, Қантөре Қуанышбеков, Найзабек Толтырбаев, Бідан Қалиев, Бисенғали Бәжіков, Ермұхан Таужанов, Шәкірт Саханов, Жолдас Тоқжанов (бұл екеуі соңынан қосылды) төменге талып түскенде, оларға дәрігерлік жедел жәрдем көрсетілді.

Тылсым тереңнен атқылаған ыстық мұнай енді құбырмен арнайы қазылған қазан шұңқырға ақты, ол толғасын жерге жайылды.

Сол жерде үш күнге ұласқан арпалыстың шуылы, адамдардың айқай дауыстары маған әлі де естіліп тұрғандай болады. Екі күннен кейін Бакуден келген мамандар авариямен болған күрестің техникалық талапқа сай атқарылғанына жоғары баға берді. Бұл Маңғыстаулық барлаушылардың мұнай тауып қана қоймай, күрделі жағдайда да онымен ойдағыдай күресе алатындықтарын көрсетті. Бұл үлкен шеберлік еді. Сәл ағаттық кетсе мұнара алапат өрттің ортасында қалатын немесе адам өлімі болуы мүмкін еді. Құдай сақтағанда бәрі де ойдағыдай аяқталды.

Әрине бұрғылау барысында аварияға жол беруге болмайды. Дегенмен мұнда «фонтанға жол бердіңдер» деп оларды ешкім жазалаған жоқ. Өйткені ондаған жыл бойғы «мұнай бар» деген болжамды расқа шығарған бұрқақ, барлаушылардың ерен еңбектері бұл кінәні жуып-шайғандай еді. Ал осы бұлақ Қазақстанда Одақтық маңызы бар жаңа ірі кенорындарының ашылуының бастамасы болды. Бұл үлкен қуаныш еді.

Жетібайдағы бұрқақты Одақтық геологтар жоғары бағалады. Ұңғыдан тәулігіне шыққан сұйықтық 2000 текшеметрден асып кетті. Сол сәтте бұрындары ел көшкенде мал суарып өтетін Жетібай құдығының мұнаймен атағы шықты. Екі кісі бас қосса Жетібайдағы мұнай туралы айтатын болды. Іле Жетібайға үлкен басшыларды жеткізген ұшақтар келіп қона бастады. КСРО Геология министрінің бірінші орынбасары В. Ерофеев, Қазақ КСР Геология және кенқорғау министрі Ш. Есенов, Батыс Қазақстан геология басқармасының бастығы Е.И. Иванов және сол басқарманың бас геологі Н.О. Имашев, Маңғыстауда терең бұрғылап барлау қажеттігін жоғары орындардың алдына қойған геология басқармасының бастығы, бұрын «Қазақстанмұнай» бірлестігінде бас геолог болып істеген Н.А. Калинин, МНГР тресінің бастығы Х.Ж.Өзбекғалиев, осы трестің бас геологі В.П. Токарев Жетібайда бас қосып, онда Маңғыстаудағы барлау жұмыстарының Жетібай фонтанынан кейінгі барлау жұмыстарын қайсы бағытта өрістету, жаңадан қайда, қанша ұңғы керектігі, бұрғылау бригадаларын қуатты техникамен жарақтандыру мәселелері сөз болды.

Осы бас қосуда Батыс Қазақстан өлкелік комитетінің екінші хатшысы В. Коломеец және өлкелік Халық шаруашылығы Кеңесінің төрағасы С. Өтебаев та болды.

Мұндай ел өміріне түбегейлі өзгеріс әкелген, ғасырда бір-ақ рет болатын жаңалық оқиға ешқашан да ұмытылмақ емес. Жетібайда 1961 жылғы 5 шілдеде атылған мұнай бұрқағы Қазақстан мұнайының тарихына алтын әріппен жазылған тамаша оқиға болды.



**Мұқтасын Сухамбердиев,**
**Қазақстан Журналистер**
**Одағының мүшесі**

МАҢҒЫСТАУ МҰНАЙЫНА 50 ЖЫЛ

# МҰНАЙЛЫ МАҢҒЫСТАУ: ҚҰРЫЛУ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ






*1965 ж. 5 шілдеде Маңғыстау мұнайын тиеген тұңғыш эшелон Өзенен аттанды. Митингін ашқан Гурьев обкомының хатшысы К.Лихарев*











*Шұғыл түрде Ақтау-Өзен аралығына қатқыл табанды асфальт жол, су құбыры, электр кабельдері, электр желілері тартылды, құбыр төселді*





*Өзен мұнай барлау экспедициясының мамандары Д.Сарсекенов, Қ.Есмурзина, Ш. Жұбатқанов, Ғ.Әбдыразақов, Т.Опиев*

Бетті дайындаған:
Е. Сұлтанов,
М. Абдуллаева,
А. Ақшаева

**P. S.**
Ұсынған материалдары үшін Маңғыстау облысының мұрағаттар мен құжаттама басқармасы «Маңғыстау облысының мемлекеттік мұрағаты» мемлекеттік мекемесіне алғысымызды білдіреміз.

# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

## 60 ЖАС

Сақтағанов Берекет Балмұханұлы, 10.09.1951 ж. ӨД бесінші дәрежелі ультрадыбысты бақылау ақаукөргіші
Нұржанов Нұрым Жарылғапұлы, 12.09.1951 ж. ҚҚД құрылысты бақылау жетекші инженері

## 55 ЖАС

Қибасов Орынбасар, 08.09.1956 ж. ӘМжӘДД технологиялық құрылғыларды жөндеу шебері
Баезитова Марфуға Имахаевна, 10.09.1956 ж. «ҚМГ» ӨБ ТҮПЦ үй күтушісі
Есжанова Мария Нұрымқызы, 14.09.1956 ж. «ҚМГ» ӨБ ОИТҚ өндірістік және қызметтік бөлмелер күтушісі
Тұрақбаев Аманжан Айбергенұлы, 15.09.1956 ж. САжМТЖД учаске бастығы
Төребек Балмұхамбет Мірбайұлы, 17.09.1956 ж. Маркшейдірлік қызмет Топ жетекшісі
Жолдасбаева Ақырыс Сариевна, 21.09.1956 ж. «ЖМГ» ӨБ МГӨЦ-2 мұнай және газ өндіру ауысым инженері
Демегенов Досан Скендірұлы, 22.09.1956 ж. ҚҚД құрылысты бақылау жетекші инженері
Сүндетбаев Серікбай Тағыбергенұлы, 27.09.1956 ж. ӨД бесінші дәрежелі слесарь-жөндеуші

## 50 ЖАС

Рзаханов Асқар Киікбайұлы, 01.09.1961 ж. Басшылық Бас директордың әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары
Рақышев Жайлыбай Қраубайұлы, 06.09.1961 ж. САжМТЖД бесінші дәрежелі тракторист
Ыбрай Амангелді Кеңесұлы, 08.09.1961 ж. ҚҚ күзетші
Қазиев Жаңбырбай Жаңғақұлы, 12.09.1961 ж. «ЖМГ» ӨБ МГӨЦ-2 слесарь-жөндеуші
Шырақбаев Қаршыға Теңелбайұлы, 14.09.1961 ж. «ҚМГ» ӨБ ҚҚҮЦ жұмыс агентін қабатқа айдау сорапты бекет машинисі
Шахиев Бауыржан Ағүріпұлы, 15.09.1961 ж. «ҚМГ» ӨБ ТСДЦ тракторисі
Мырзабаев Жүсіп Айжігітұлы, 15.09.1961 ж. «ҚМГ» ӨБ ПҚЖПЦ слесарь-жөндеуші
Алиев Жолжан Құлжанұлы, 15.09.1961 ж. «ҚМГ» ӨБ МГӨЦ-3 мұнай және газ өндіру операторы
Алигулов Мизан Сатыбалдыұлы, 15.09.1961 ж. «ҚМГ» ӨБ МГӨЦ-4 слесарь-жөндеуші
Дәуенов Жоламан Сатыбалдыұлы, 15.09.1961 ж. КД төртінші дәрежелі көлік жүргізушісі
Домбаев Ағаділ Тараубайұлы, 20.09.1961 ж. ҚҚ күзетші
Аймұратова Ақбибі Алпшықызы, 23.09.1961 ж. ӘМжӘДД өндірістік және қызметтік бөлмелер күтушісі
Төлегенов Егеубай, 25.09.1961 ж. «ЖМГ» ӨБ ҒЗӨЖЦ ұңғыларды зерттеу операторы
Қонарбаев Шайхығали Жұмағалиұлы, 29.09.1961 ж. КД төртінші дәрежелі көлік жүргізушісі
Шаныгбаева Аймангүл Құланбайқызы, 29.09.1961 ж. ӨД үшінші дәрежелі маляр

# БІЛГЕНГЕ МАРЖАН!

| | |
|---|---|
| Тапсырыс беруші тапсырады және төлейді | – Заказчик поручает и оплачивает |
| Қызметтердің жалпы құны | – Общая стоимость Услуг |
| Қызметтер көрсету мерзімі | – Сроки оказания Услуг |
| Қызметтерді көрсету орны | – Место оказания Услуг |
| Кепілді ақшалай жарна | – Гарантийный денежный взнос |
| Банктік кепілдік | – Банковская гарантия |
| Шот-фактура | – Счет-фактура |
| Қызметтердің қабылдау Актісі | – Акт приемки оказанных Услуг |
| Сын ескертпелер | – Замечания |
| Айқын кемшіліктер | – Явные недостатки |
| Ақаулар (шикіліктер) | – дефекты (недоделки) |
| Тендерлік құжаттама | – Тендерная документация |
| Техникалық ерекшелік | – Техническая спецификация |
| Қосалқы мердігер | – Субподрядчики |
| Мүліктік жауапкершілік | – Имущественная ответственность |

# Маңғыстау мұнайына 50 жыл

Құт мекенім, киелі Маңғыстауым,
362- әулие жатқан қауым.
Бабалардың ізі қалған таңбасымен,
Күмбірлейді күмбез дала үстірт тауым.

Бабалардың арқасы-ау құдай берген,
Байлығымыз тасып жатқан мұнайменен.
Жырға толы, нұрға толы көркем өлкем,
Өлкемнен өрнектелген шырай көрем.

Ең алғаш 1961-ші жылы
Жетібайдан мұнай бұрқақ атқылаған.
Отанымның еңсесін көтеріп ұлы,
Маңғыстау мекен болды бақ құраған.

Тәуелсіздігімізге 20- жыл болған жылы
Ел ордамыз Астананың туған күні.
Маңғыстау мұнайына осы жылда
Ашылғанына 50- жыл толған күні.

Маңғыстаумұнайгаздың іргe тасын,
Ашылғалы алқалап қалағандар.
ОТК, OSC- ка еңбек сүйгіштігі басым
Және МЭМ, ОСС, МТК – бар.

Маңғыстау мұнай күре тамырында,
Күрделі Жаңа Өзен мен Жетібай бар.
Бір арнаға қосылған бағы мұнда
Қарқынды Қаламқас, Қаражамбас бар.

Дүбірлі Маңғыстаудың маңғаздары,
Дамытқан өндірісті ұл- қыздары.
Теңіздей шалқыған қара алтынмен,
Еңбекте жанып жатыр жұлдыздары.

Сан жылдар мұнайымыз берген сымбат,
Талай-талай еңбекшілер өткен жырлап.
50-жылда еліміз жаңарды ғой,
Отанға асқан қазына сыйлап.

Тыныштықта желбіреп жалауымыз ,
Жаңа берсін мұнай-газ алауымыз.
Мұнайдың 50- жылы құтты болсын,
Халқымыз таси берсін қалауыңыз.

Әр үйге қуанышты құт қондырып,
Мұнайдың игілігін халық көргей.
Тәңіріміз тілеуімізді оңды қылып,
Тыныштық берекесін алып келгей.

Қанатов Қ. М.
"ОТК" ЖШС жүргізушісі



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: А.Ақшаева, М.Абдуллаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 211-736, 211-734

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.

Индексі: 64265
Таралымы: 2500

"Маңғыстау-Полиграф" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 22 ш/а. тел: 605299
Тапсырыс: 736